

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымына оқуға қабылдау және ауыстыру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Қызметінің негізгі мәні білім беру қызметі болып табылатын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарына (бұдан әрі – Зияткерлік мектептер) оқушыларды оқуға қабылдау және ауыстыру туралы осы Ережелер «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» 2011 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және Зияткерлік мектептерге Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру гранты бойынша оқушыларды оқуға қабылдау және ауыстыру жұмыстарын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Бұл Ережелер «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының “International Steppe School of Astana” филиалына, “International Steppe School of Almaty” жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне оқушыларды оқуға қабылдау тәртібіне қолданылмайды.

3. Қазақстан Республикасының азаматтарын Зияткерлік мектептерге Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру гранты негізінде оқуға қабылдау «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Қамқоршылық кеңесі шешімінің хаттамасымен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымында дарынды балалардың білім алуына ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындауға арналған конкурсты өткізу ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау конкурсының нәтижелері негізінде жүзеге асырылады.

Конкурс шарттары білім беру құқықтарының сақталуына кепілдік беруге және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – ДББҰ) оқу бағдарламасын меңгеруге неғұрлым қабілетті және дайындығы бар үміткерлерді қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс.

4. ДББҰ басқармасының шешімі негізінде Зияткерлік мектеп әкімшілігі ДББҰ интернет-ресурсында «Өркен» гранты иегерлерінің тізімі шыққан күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде грант иегерлерінің заңды өкілдеріне оқуға түсуге өтініш беру, ДББҰ Басқармасы бекіткен формаға сәйкес Білім беру қызметтерін көрсету туралы келісім-шартқа (бұдан әрі – келісім шарт) қол қою үшін Зияткерлік мектепке міндетті түрде келуі қажет екендігі жөнінде хабарламаны электрондық пошта немесе хабардар ету фактісін тіркеуге мүмкіндік беретін өзге де байланыс құралдары арқылы жіберуге міндетті.

Хабарлама осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес әзірленуі қажет.

2. Зияткерлік мектепке қабылдау тәртібі

5. 7-сыныпқа, сондай-ақ жаңадан ашылатын Зияткерлік мектептердің 8, 9-сыныптарына қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

6. Зияткерлік мектептердің 7-9 сыныптары оқушыларының қатарына қабылдау ДББҰ Басқармасының шешімі, грант иегерінің заңды өкілінің өтініші және Зияткерлік мектеп директорының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Грант иесінің заңды өкілі өтінішті осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес тиісті Зияткерлік мектеп директорының атына жіберген Зияткерлік мектептен хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде береді. Өтінішті берумен бір мезгілде Зияткерлік мектеп және заңды өкіл келісім-шарт жасасады. Заңды өкіл бұл келісім-шартқа электрондық цифрлық қолтаңбасын қолданып электрондық нұсқасына немесе қағаздағы нұсқасына қол қоюына болады.

Оқушыны мектепке қабылдау барысында Зияткерлік мектеп директоры тағайындаған жауапты қызметкерлер заңды өкіл мен оқушыны келесі құқықтық актілермен таныстыруға міндетті:

- 1) оқу бағдарламалары;
- 2) критериалды бағалау;
- 3) оқушыларға арналған ішкі тәртіп қағидалары;
- 4) академиялық адалдықты сақтау;
- 5) мектептен шығару негіздемелері;
- 6) жатақханада тұру;
- 7) оқушыны Зияткерлік мектептер арасында ауыстыру;
- 8) оқушыларды қорғау саясаты;
- 9) бракераж комиссиясының жұмысын ұйымдастыру.

Зияткерлік мектепте директордың бұйрығымен істер номенклатурасына сәйкес келісім-шарттарды есепке алу және сақтау жұмыстарына жауапты қызметкер тағайындалады.

Қағаздағы нұсқада қол қойылған келісім-шарт осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес тіркеу журналында тіркеледі. Қағаз нұсқасындағы келісім-шартқа қол қойылғанда келісім-шарттың екінші нұсқасы заңды өкілге беріледі.

Электрондық нұсқада қол қойылған келісім-шарттың есебі осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес автоматтық түрде электрондық жүйеде жүргізіледі.

7. Заңды өкіл оқуға қабылдау туралы өтініш бермеген жағдайда және/немесе осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасамаған жағдайда, оқушы Зияткерлік мектепке қабылданбайды және оның орны бос болып саналады.

8. Зияткерлік мектепке қабылданған әрбір оқушыға ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген оқушылар контингентін есепке алатын мектепішілік құжаттаманы жүргізу туралы ДББҰ құқықтық актісімен белгіленген тәртіпте оқуға қабылдау кезінде тапсырылған барлық құжаттар және басқа да құжаттар сақталатын жеке іс жинақталады.

3. Оқушыларды ауыстыру тәртібі

9. Оқушыны басқа Зияткерлік мектепке ауыстыру «Өркен» білім беру гранты негізінде білім алатын оқушылардың оқудан шығарылуына байланысты сол сыныпта бос орындар болған жағдайда каникул кезінде тіркеу нөмірі мен күнін, өтінішті қабылдау уақытын ескере отырып, белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

10. 8-10 сынып оқушыларын ауыстыруға өтініш беру Бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасы (бұдан әрі – БАББО) арқылы жүзеге асырылады. Заңды өкілдер БАББО-ның «Мектепті басқару жүйесі» ақпараттық жүйесіндегі өз есептік жазбаларын пайдалана отырып өтініш беруі керек.

Ауыстыруға өтініш беру тәртібі осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Зияткерлік мектеп оқушысының заңды өкілі ДББҰ-ға басқа Зияткерлік мектепке ауыстыру туралы өтініш беруге құқылы:

- 1) шілде айының бірінші жұмыс күнінен бастап 8-сыныпқа;
- 2) оқу жылы басталғанға дейін және оқу жылы ішінде 9, 10 сыныптарға.

Басқа Зияткерлік мектепке ауысу туралы өтініштер оқушылардың 10-сыныпта оқуын аяқтаған соң өз күшін жояды.

Экстернат түрінде оқитын немесе академиялық демалыстағы оқушылардың заңды өкілдерінен басқа Зияткерлік мектепке ауысу туралы өтініштер қабылданбайды.

Халықаралық Бакалавриаттың оқу бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүзеге асыратын Астана қаласының Зияткерлік мектебінен (бұдан әрі – Астана қаласының мектебі) 8-10 сынып оқушыларын басқа Зияткерлік мектептерге ауыстыру оқу жылының екінші жартыжылдығы басталғанға дейін каникул кезінде жүзеге асырылады.

Ауыстыру жүзеге асырылмайды:

- 1) 7, 11, 12 сыныптарға;
- 2) Астана қаласының мектебіне.

Академиялық демалыста жүрген немесе экстернат түрінде оқып жатқан оқушының ауысу кезегі келген жағдайда, оның басқа Зияткерлік мектепке ауысуы осы Ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Академиялық демалыста болған оқушы келесі оқу жылында сол параллельде қайта оқитын жағдайда оны басқа Зияткерлік мектепке ауыстыру туралы өтініш күшін жояды.

12. Оқушыны ауыстыру туралы өтінішті оның заңды өкілі осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес үлгіде береді.

«Өркен» білім беру грантында оқитын оқушы Зияткерлік мектептегі оқудан шығатын жағдайда оқушының заңды өкілі осы Ереженің 7-қосымшасындағы үлгіде өтініш береді.

13. Заңды өкіл ауыстыру туралы өтініште тек бір ғана Зияткерлік мектепті көрсетеді.

Басқа Зияткерлік мектепке ауыстыруға өтініш берілген жағдайда осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес бұрын берілген өтінішті кері қайтарып алу қажет.

14. Заңды өкіл ағымдағы оқу жылы аяқталғаннан кейін және жаңа оқу жылы басталғанға дейін Зияткерлік мектептің ішінде қазақ тілінде оқытатын сыныптан орыс тілінде оқытатын сыныпқа және керісінше ауысуға өтініш беруге құқылы.

Өтініш осы Ереженің 8-қосымшасына сәйкес үлгіде Зияткерлік мектеп директорының атына беріледі. Оқушыны Зияткерлік мектеп ішінде ауыстыру туралы шешімді директор өз бетінше қабылдайды. Басқа Зияткерлік мектептердің оқушыларынан ауыстыру туралы өтініштердің түсуіне қарамастан ауыстыруға жол беріледі.

15. Зияткерлік мектептер арасында оқушыларды ауыстыру туралы өтініштерді «БАББО контингенті» ақпараттық жүйесінде оқушылар контингентімен жұмыс істеуге жауапты ДББҰ құрылымдық бөлімшесі қарайды.

16. Өтініш келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде оқушының заңды өкіліне электрондық пошта арқылы басқа Зияткерлік мектепке ауыстыру кезегіндегі реттік нөмірі жөнінде тиісті хабарлама жіберіледі. Тиісті орындар болған жағдайда ДББҰ-ның ауыстыру туралы жазбаша келісімі заңды өкілге тоқсанның соңында немесе каникул кезеңінде жіберіледі.

17. ДББҰ-ның ауыстыру туралы хаты негізінде тиісті Зияткерлік мектептердің басшылары бұйрықтар шығарады.

18. Бір Зияткерлік мектептен басқа Зияткерлік мектепке немесе басқа білім беру ұйымына ауысқан кезде оқушының жеке ісі оқушының заңды өкіліне қол қойғызып беріледі.

4. Қорытынды ережелер

19. Оқушыны оқуға қабылдау және ауыстыру кезінде Зияткерлік мектеп әкімшілігі оқушыны және оның заңды өкілін Зияткерлік мектептің білім беру үдерісін ұйымдастыруды реттейтін құжаттармен таныстыруы керек.

20. Оқушыларды қабылдау және ауыстыру кезінде Зияткерлік мектеп әкімшілігі оқушыларды қабылдау туралы бұйрық күшіне енгеннен кейін 3 жұмыс күні ішінде БАББО-дағы мәліметтерді өзектілендіру қажет.

21. ДББҰ осы Ережемен реттелмеген мәселелерді ДББҰ бекіткен құқықтық актілерілерге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

Зияткерлік мектептің ресми бланкінде

**Қазақстан Республикасы Президентінің
«Өркен» білім беру грантының иегеріне**

Құрметті _____ !

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Сізді Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантының тағайындалуымен құттықтайды.

Зияткерлік мектеп Сіз үшін үлкен болашаққа бастайтын алаң болады деп үміттенеміз және берілген мүмкіндіктерді Сіз оқуда барынша пайдаланасыз деген сенімдеміз.

Сіздің заңды өкілдеріңіз 20__ жылғы _____ дейінгі мерзімде
_____ Назарбаев Зияткерлік мектебіне қабылдау
(мектеп атауы)
жұмысын рәсімдеуге келуі қажет.

Осы хатта көрсетілген мерзім өткеннен кейін заңды өкілден оқуға қабылдау туралы өтініш берілмеген және тиісті мерзімде білім беру қызметтерін көрсету туралы келісім-шартқа қол қойылмаған жағдайда грант иегері Зияткерлік мектепке қабылданбайды және оның орны бос болып саналады.

Оқуда сәттілік тілейміз!

Ізгі ниетпен,

Директор _____

(қолы)

_____ *Аты-жөні*

Орынд.:

Тел.:

Эл.пошта

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымына оқушыларды
оқуға қабылдау және ауыстыру Ережелеріне 2-қосымша

(мектеп атауы)

Назарбаев Зияткерлік мектебінің Директоры

(директордың аты-жөні)

(Оқушының заңды өкілінің аты-жөні)

ЖСН: _____

Мекен-жайы: _____

телефон: _____

e-mail _____

ӨТІНІШ

Менің 20____ жылы «____» _____ туған балам

(оқушының толық аты-жөні)

20____-20____ оқу жылының басынан бастап _____

(мектеп атауы)

Назарбаев Зияткерлік мектебіне оқыту _____ тілінде жүргізілетін _____ сыныпқа
қабылдауыңызды сұраймын.

Заңды өкіл ретінде оқушы қабылданған күннен бастап мыналарды қамтамасыз етуге
міндеттенемін:

- 1) оқушының Зияткерлік мектепте белгіленген бірыңғай мектеп формасын сақтауына;
- 2) оқушының академиялық адалдықты сақтау туралы Ережелерде белгіленген талаптарды орындауына;
- 3) оқушының және оның заңды өкілінің оқушылар үшін ішкі тәртіп Ережелерінде, білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген талаптарды сақтауына;
- 4) баланың физикалық, психикалық жағдайына әсер ететін оқушының тұқым қуалайтын, созылмалы аурулары және медициналық құжаттарды растай отырып жүргізілген (жүргізіліп жатқан) емдеу әдістері туралы Зияткерлік мектептің медициналық қызметіне жазбаша түрде ақпарат беру. Аурудың белгілері анықталған жағдайда, оқушылардың медициналық мекемелерде медициналық тексеруден өтуін қамтамасыз етуге міндеттенемін;

5) ҚР «Білім туралы» Заңында, «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Зияткерлік мектептердің құқықтық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді.

Жоғарыда аталған құқықтық актілермен таныстым және баламның жеке деректерін жинауға және өндеуге келісім беремін.

«____» _____ 20____ ж.

Қолы _____

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымына оқушыларды
оқуға қабылдау және ауыстыру Ережесіне 3-қосымша

Білім беру қызметтерін көрсету туралы келісім-шарттарды тіркеу журналы

№	Оқушының аты-жөні	Оқу сыныбы	Заңды өкілдің аты-жөні	Келісім-шарт № және жасалған күні	Келісім-шарттың заңды өкілге берілген күні	Заңды өкілдің екінші дананы алғанын растайтын қолы
1						
2						
3						
4						

**Білім беру қызметтерін көрсету туралы келісім-шарттарды
электрондық тіркеу журналы**

№	Оқушының аты-жөні	Оқу сыныбы	Занды өкілдің аты-жөні	Келісім- шарт № (№ЭД-___)	Келісім-шарт жасалған күн	Келісім- шарттың заңды өкілдің электрондық поштасына жеткізілген күні
1						
2						

**Бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасының
«Мектепті басқару жүйесі» ақпараттық жүйесінде
оқушыны басқа мектепке ауыстыруға өтініш беру туралы
нұсқаулық**

МАЗМҰНЫ


БӨЛІМ 1. Өтініш беру процесі

БӨЛІМ 2. Өтінішті қайтарып алу процесі

БӨЛІМ 1. Өтініш беру процесі

Оқушыны басқа мектепке ауыстыруға өтініш «Мектепті басқару жүйесі» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) арқылы оқушының ата – анасынан немесе заңды өкілінен беріледі. Оқушының ата-анасы немесе заңды өкілі Жүйе арқылы оқушыны ауыстыруға бір балаға тек бір өтініш бере алады. Өтінішті қайтадан беру керек болған жағдайда, оқушының ата-анасы немесе заңды өкілі бұрын берілген өтінішті кері қайтарып алуы қажет.

Қадам 1. Оқушының ата-анасы немесе заңды өкілі Жүйеде логин және құпиясөз бойынша авторизациялануы қажет. Әрі қарай негізгі мәзірден «Өтініштер» бөліміне өтіп, «Ауысу» тармағын таңдау керек (*Сурет 1 қараңыз*):



Сурет 1


Қадам 2. Пайда болған терезеде (Сурет 2 қараңыз) оқушының ТАӘ (ЖСН), сондай-ақ өтініш берілетін тілді таңдау қажет. Болашақта сізге берілетін жауап сәйкесінше сол тілде беріледі. Осыдан кейін пошта өрісіне электрондық пошта мекенжайын енгізіп, оң жақта орналасқан «Код жіберу» батырмасын басу керек. Жүйенің растау коды электрондық пошта мекенжайыңызға жіберіледі. Алынған кодты тиісті өріске енгізіп, «Поштаны растау» батырмасын басу керек. Ережелермен танысқаннан кейін, «Мен келісім ережелерімен таныстым» құсбелгісін қойып, «Келесі» батырмасын басу керек.

Сурет 2

Қадам 3. Келесі терезеде (Сурет 3 қараңыз) «Қала», «Келу мектебі», «Ауысу себебі» өрістерін тізімнен шығатын деректермен толтыру қажет. Әрі қарай сізге «Өтініш» батырмасын басып, оны басып шығаруыңыз керек. Басып шығарылған құжатта толтырылған күнін көрсетіп, қол қойыңыз. Содан кейін өтінішті сканерден өткізіп, көшірмесін «Өтініш сканерін тіркеу» батырмасы арқылы жүктеңіз. Өтініштің көшірмесін жүктегеннен кейін «Сақтау» батырмасын басыңыз:

Сурет 3

Қадам 4. Жоғарыда көрсетілген әрекеттерді орындағаннан кейін жүйе өтініштің сәтті аяқталғаны туралы хабарламаны көрсетеді. Өтініштің статусын көру үшін «Статусты қарау» батырмасын басу керек (Сурет 4 қараңыз).




Сурет 4

БӨЛІМ 2. Өтінішті қайтарып алу процесі

Бұл процесс Жүйеде оқушыны ауыстыруға бұрын берілген өтініш болған жағдайда ғана іске асады.

Қадам 1. Негізгі мәзірде «Өтініштер» бөліміне өтіп «Қарау» тармағын таңдаңыз (сурет 1 қараңыз.):



Сурет 1

Қадам 2. Пайда болған диалогтық терезеде оқушының ТАӘ (ЖСН) таңдап, «Келесі» батырмасын басыңыз (Сурет 2 қараңыз):

Сурет.2

Қадам 3. Келесі диалогтық терезеде оқушыны ауыстыруға бұрын жіберілген өтініш бойынша ақпарат көрсетіледі, сіз «Қайтарып алу» батырмасын басуыңыз керек (Сурет 3 қараңыз):

№ заявления: П/К-22 В очереди под № 5

Законный представитель

ИИН ФИО

+7 (777) *** ** ** эл.почта дом.адрес

Ученик

ИИН ФИО

НИШ ФМН города Уральск 2022-2023 / 7 классы Казахский язык

Тип обучения.* Грант

Язык обучения.* Казахский язык

Школа прибытия.* НИШ ФМН города Астана

Причина перевода.* Переезд в другой город

Ваше заявление: 5

Тип документа

Скан-копия заявления  

История


Дата	Время	Описание
25.04.2023	16:55:39.630	Новый № в очереди - 5
25.04.2023	16:53:49.310	Постановка в очередь под № 6
25.04.2023	16:47:06.403	Онлайн подача заявления

← Назад

 Отозвать

Сурет 3

Қадам 4. Әрі қарай өтінішті қайтарып алу себебін көрсетіп, электрондық поштаны растау кодын енгізіп, «Өтінішті қайтарып алу» батырмасын басыңыз (Сурет 4 қараңыз):




The screenshot shows a web form titled "Отзыв заявления" (Withdraw application). It contains the following fields and buttons:

- Причина:** A dropdown menu with the selected option "Подача заявления в др. школу" (Submission of application in another school).
- Примечание:** An empty text input field.
- Почта:** A text input field containing "эл.почта" (email).
- Подтверждающий код:** A text input field containing "6706".
- Buttons:** "отправить код" (Send code), "Отозвать заявление" (Withdraw application), and "Закрыть" (Close).

Сурет 4


Қадам 5. Жүйе «Иә» батырмасын басу арқылы әрекетті растау терезесін көрсетеді (Сурет 5 қараңыз). Әрі қарай жүйе өтінішті сәтті қайтарып алу туралы хабарламаны көрсетеді (Сурет 6 қараңыз.). Өтініштің статусын көру үшін «Кері қайтарылған өтінішті қарау» батырмасын басу керек.



The screenshot shows a confirmation dialog box titled "Подтверждение" (Confirmation). It contains the following elements:

- Text:** "Вы уверены что хотите отозвать заявление на перевод?" (Are you sure you want to withdraw the application for transfer?).
- Buttons:** "Да" (Yes) and "Нет" (No). The "Да" button is highlighted with a red rectangle.

Сурет 5



The screenshot shows a success message box with the following elements:

- Icon:** An information icon (i).
- Text:** "Заявление успешно отозвано" (Application successfully withdrawn).

Сурет 6

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымына оқушыларды
оқуға қабылдау және ауыстыру Ережесіне 6-қосымша

**«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Басқарма Төрағасы**

ЖСН _____

мекен-жайы: _____

телефон: _____

e-mail _____

Өтініш

Сізден _____ Назарбаев Зияткерлік мектебінің
(мектеп атауы)
оқыту _____ тілінде жүргізілетін _____ сыныбында білім алып жатқан
оқушы _____ (ЖСН _____),
(оқушының аты-жөні)

_____ Назарбаев Зияткерлік мектебінің
(мектеп атауы)
оқыту _____ тілінде жүргізілетін _____ сыныбына оқуға ауыстыру
мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймын.

Себебі: _____
(себебін жазыңыз)

Оқушыларды ауыстыруға өтініштер келесі жағдайларда қабылданбайды:

1. 7, 11, 12 – сыныптарға;
2. Халықаралық Бакалавриаттың оқу бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүзеге асыратын Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіне;

Өтініш өз күшін келесі жағдайларда жоғатындығынан хабардармын:

1. оқушы 10-сыныпты аяқтағанда;
2. академиялық демалыста болған оқушының келесі оқу жылында сол параллельде қайта білім алуы жағдайында.

« _____ » 20 _____ ж. Қолы _____

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымына оқушыларды
оқуға қабылдау және ауыстыру Ережелеріне 7-қосымша

(мектеп атауы)
Назарбаев Зияткерлік мектебінің Директоры

(директордың аты-жөні)

(оқушының заңды өкілінің аты-жөні)
ЖСН _____

мекен-жайы: _____

телефон: _____

ӨТІНІШ

Мен, _____,
оқыту _____ тілінде жүргізілетін _____ сыныбының оқушысы
_____, (ЖСН _____)
(оқушының аты-жөні)

заңды өкілі, «Өркен» білім беру грантында оқудан бас тартуға байланысты
баламның құжаттарын беруіңізді сұраймын.

Себебі _____.
(нақты себебін жазыңыз).

Зияткерлік мектепке ешқандай шағымым жоқ.

« _____ » _____ 20 _____ ж. Қолы _____

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымына оқушыларды
оқуға қабылдау және ауыстыру Ережелеріне 8-қосымша

(мектеп атауы)

Назарбаев Зияткерлік мектебінің Директоры

(директордың аты-жөні)

(оқушының заңды өкілінің аты-жөні)

ЖСН _____

мекен-жайы: _____

телефон: _____

ӨТІНІШ

Сізден оқыту _____ тілінде жүргізілетін _____ сыныбында білім
алып жатқан оқушы _____ оқыту _____ тілінде

(оқушының аты-жөні)

жүргізілетін сыныпқа ауыстыру мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймын.

Себебі: _____.

(себебін көрсетіңіз)

« _____ » _____ 20 ____ ж. Қолы _____